

Жаңа монумент - тағзым орыны

31 мамыр – Саяси қуғын – сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Осы күнге орай орталық саябақ ішіне жаңадан орнатылған қуғын – сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған монумент алаңында Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен рухани іс-шара өтті.

Рухани шара қатерлі кезеңнің зардабын көріп, өмірлері өксікке толған ата – бабаларымызды бір минут үнсіздікпен еске алып, рухтарына тағзым етумен басталды.

1925 жылы елімізді басқарған Филипп Голощекин Қазақстанда «Кіші Қазан» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанды. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұжымдастыру ұранымен науқанға кіріскен белсенділер республикадағы 40 миллионнан астам мал басының қырылуына әкеп соқтырды. Халық жаппай ашаршылыққа ұшырады. Ашаршылық жылдарында елімізде 2,5 миллионға жуық адам қайтыс болды. Қазақ халқы ашаршылыққа дейінгі санына, араға жарты ғасырға жуық уақыт салып әзер жеткені – бұл зұлматтың қаншалықты қасіретті болғанын көрсетеді. Ол аздай, 30-шы жылдардағы орны толмас қасірет, Сталиндік репрессия қазақтың қабырғасын қайыстырды. Бұл нәубет Қазақ интелегенциялары: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұлов, сынды өзге де зиялыларымыздың өмірін қиды.

Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Түбекбай ӘУБӘКІРОВ тарихын таныған елдің бірлігі бекем боларына сенім білдірді: «Кеңес Одағындағы саяси қуғын-сүргін ұзақ жылдар бойы жабық тақырып болып келгені белгілі. Тек еліміз тәуелсіздік алған соң ғана, ақиқатты ашық жариялауға мүмкіндік алдық. Қадамың анық басып, «Мәңгілік Елдің» іргесін қалаған Қазақстанның болашағы баянды болатыны

– деді өз сөзінде.

Сондай ақ, солақай саясат құрбаны Тарғын Есбергенұлының ұрпағы Дәулеткерей ШАЛ-ДЫБАЕВ сөз алып, сұрапыл заманның зардабын тілге тиек етіп, қиын кезең енді қайталанбауын тіледі.

Арқалық қалалық «Мухта-



сөзсіз. Еліміз шырқау биікке бет түзеген сайын өткеннен сабақ алып, тарихымыздағы ауыр кезеңдерді ешқашан ұмытпайтын боламыз. Тарихи жадымызда жатталған сол замандағы қиын күндер бірлігімізді одан әрі бекемдеп, халықтың жадында мәңгілікке сақталатын болады»,

суб Әлмұхаммед» мешітінің бас имамы Нұрхан қажы БАҚТЫБАЙ саяси қуғын – сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына құран бағыштап, шараға жиылған мекеме мен ұжым өкілдері, жастар ата – баба рухына тағзым етіп, монументке гүл шоқтарын қойды.